

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған
«Мен Қазақстанды сүйемін» Республикалық шығармашылық жұмыстар
байқауын қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері және білім алушылары арасында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған **«Мен Қазақстанды сүйемін»** республикалық шығармашылық жұмыстар байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында азаматтылықты және патриотизмді тәрбиелеу, дарынды балалар, жастар және педагогтерді анықтау, қолдау және оларды танымдық қызығушылықтарға ынталандыру.

Міндеттері:

- қазақстандық патриотизмге және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу;

- ұрпақтар сабақтастығы мен Отаны үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

- Отан өміріне, оның өткен шағына, осы шағына, болашаққа қатыстығын, адамгершілік құндылықтарын қатысушылардың сезінуі;

- қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді пайдалану

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 23 қараша - 23 желтоқсан** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 18 желтоқсанға** дейін konkurs.kazakhstan@mail.ru, электронды поштаға қабылданады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 24 93 03 Кәрімова Зәуре Қалиқызы, әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бөлім әдіскері

7. **2015 жылғы 18 желтоқсанның** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін білім алушыларға - **1000 (бір мың) теңге, педагогтер үшін – 3000 (үш мың) төлемақы** төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

(Резидент)

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды: 859.

Төлемақы атауы: **«Мен Қазақстанды сүйемін»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, konkurs.kazakhstan@mail.ru электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 23 желтоқсанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

11. Байқауға қатыса алады:

Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері мен 4-18 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

4-9 жастағы кіші жас санаты;

10-15 жастағы орта жас санаты;

16-18 жастағы жоғарғы жас санаты.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Тәуелсіздікті аңсаған батырлар» номинациясы (бейнефильм, сыныптан немесе аудиториядан тыс тәрбиелік іс-шараның сценарийі. Роликтің, қысқаметражды фильмнің ұзақтылығы – 3 минуттан аспауы керек. Техникалық талаптар: формат AVI, MP4. Сценарий авторлық болуы тиіс және бұрын жарияланбаған.

2. «Мақтанышым менің - Қазақстаным» номинациясы (суреттер байқауы). Байқауға кез-келген техникада орындалған суреттердің фото-суреттері қабылданады: фломастер, гуашь, борлар, балауыз борлар, пастель, қарындаш, материалдарды аралас пайдалану және т.б. үйлестірілген материалдар қолданылуы мүмкін. А-3 форматындағы суреттің түпнұсқасы жіберіледі.

3. «Егеменді еліміздің ертені - біздерміз» номинациясы (Шығарма - кіші көлемді, 2 беттен аспауы керек.). Шағын шығарманың негізінде автордың жеке зерттеуі болу керек. және ол біреуді немесе бір оқиғаны жан-жақты баяндап береді.

Ресімдеуге қойылатын талаптар

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный).

14. Байқауға әр автордан бір немесе екі номинация бойынша жұмыстар қабылданады, әр номинацияға бір қатысушыдан тек бір жұмыс жіберілуі тиіс.

13.Байқау жұмысының титул парағын ресімдеу тәртібі:

- авторы немесе құрастырушы (Т.А.Ж. толығымен).
- білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы;
- білім ұйымының атауы;
- байқау және номинацияның аталуы;
- email; байланыс телефоны, жасы;
- жетекшінің аты-жөні;
- лауазымы және жұмыс орны;
- байқауға жіберілген жұмыстың күні, айы, жылы.

Бағалау критерийлері:

- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- өзектілігі;
- материалдың нақтылығы мен шынайылығы;
- мазмұндаудың қолжетімділігі;
- жұмысты өз бетінше орындауы (жұмыста тек автордың жеке ойлары болу керек).

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады